

ӨЗІҢІЗДІ COVID-19 ИНФЕКЦИЯСЫНАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ

ҚОЛҒАП КИҢІЗ:

- ✓ **ҮЙДЕН ШЫҚҚАН КЕЗДЕ**
- ✓ **ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ**
- ✓ **ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА**

Бір рет қолданылатын қолғапты бір рет қолдануға болады! Металл қолғаптарын күнделікті жуу, келтіру және үлгітеу қажет!

БЕТПЕРДЕ КИҢІЗ:

- ✓ **ҮЙДЕН ШЫҚҚАН КЕЗДЕ**
- ✓ **ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ**
- ✓ **ЖАБЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА**

Бір рет қолданылатын бетперделерсіз ер 2 сағат, әйел 1 сағат уақыттың ұсынылмайды! Бетперде мұрын мен некті толықтай жауып тұруы қажет!

ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП



«ЕҢКЕЙГЕННЕН КІШІРЕЙІП ҚАЛМАЙМЫН...»

6

КӘСІПОРЫН



ЖАҢА ӨНДІРІС ОРНЫ АШЫЛДЫ

7

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 22 шілдедегі мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 110 942

II компонентпен

1 090 529

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 22 шілдедегі мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА
I компонентпен – **9 542 843** адам,
II компонентпен **9 324 915** адам
вакцина салдырды.

Ревакциналандығандар саны –
4 951 516

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

23.07.2022

Түнде:



+22+24 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+36+38 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

24.07.2022

Түнде:



+22+24 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+34+36 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №84 (6219) 23 шілде, сенбі, 2022 жыл.

ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ НЫҒАЙЫП КЕЛЕДІ

Орталық Азия басшылары IV Консультативтік кездесуде бас қосты



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесуіне қатысты.

2

ӘКІМ

ТҰРҒЫНДАР ҚАУІПСІЗДІГІ БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ

Қала әкімі мен Төтенше жағдайлар министрі Алматы тауларындағы мореналық көлдердің жай-күйін тексерді



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев пен Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин мегаполистің сел қауіпсіздігін бақылау және мониторинг жүргізу мақсатында мореналық көлдердің жай-күйіне аэровизуалды зерттеу жүргізді.

4

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Шолпан-Атадағы М.Әуезовтің музей-үйінде болып, жазушының бюстіні ашты.
- «Жасыл ел» жобасы: Алматыда жаз айларында 2000-ға жуық жас жұмыспен қамтылады.
- Алматыдағы «Халықтың бюджетке қатысуы» бағдарламасына берілген өтініштердің саны 33 пайызға өсті.
- Сыбайлас жемқорлық фактісін хабарлаған 3 алматылық 640 мың теңге сыйақы алды.
- Шаһарда №41 автобус бағыты ұзартылады.
- Қалада дала өрті 50 пайызға азайды.
- Отандық көліктерді шетелге экспорттау көлемі 23 пайызға артты.

www.almaty-akshamy.kz





● ПРЕЗИДЕНТ

«ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ НЫҒАЙЫП КЕЛЕДІ»

Орталық Азия басшылары IV Консультативтік кездесуде бас қосты



(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев Консультативтік кездесулердің халықаралық саясаттың маңызды факторына айналғанын атап өтіп, оның мемлекеттер басшыларына аймақтың одан әрі даму бағытын өзара сенімге негізделген рухта айқындауға мүмкіндік беретініне тоқталды. Оның айтуынша, құбылмалы геосаяси және әлемдік экономиканың тұрақсыздығы жағдайында өткен кездесу Орталық Азия елдерінің ынтымағы берік екенін көрсетеді. Сондай-ақ, жаңа сын-қатерлер мен қауіптерге бірлесіп қарсы тұруға деген ортақ ұмтылысымызды білдіреді.

— Біздің қатынастарымыздың ерекше сипаты Орталық Азияны ХХІ ғасырда дамытуды көздейтін достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы бүгін қабылданатын шартта бекітілген. Бұл құжат мазмұны мен тарихи перспективасы тұрғысынан бірегей саналады. Оған елдеріміз арасындағы мемлекетаралық дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығында қол қойылуының символдық мәні бар. Бұл тарихи құжат бесжақты стратегиялық серіктестігіміздің жаңа кезеңіне қадам басқанымызды білдіреді, — деп атап өтті Қазақстан Президенті.

Қауіпсіздік және дипломатия саласындағы өзара іс-қимылдарды нығайту күн тәртібіндегі негізгі мәселе ретінде аталды.

Президенттің айтуынша, Орталық Азия орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуының, жан-жақты ынтымақтастықтың, бейбітшілік пен өркендеудің кең аймағына айналуға тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, мемлекеттер басшылары өңірдегі әлі де сақталып отырған тұрақсыздық факторларын барынша жою үшін барлық мүмкіндікті жасауы керек.

— Мемлекетаралық шекаралардағы әрбір мылтық даусының жаңғырығы екі елге ғана емес, бүкіл өңірге жағымсыз әсер етеді. Керісінше, дәл қазіргі дағдарыс жағдайында мемлекеттеріміз қайшылықтарды еңсеру ісінде өркеніеттіліктің, жауаптылықтың үлгісін көрсетуге тиіс. Шекараны заңды түрде рәсімдеу үдерісінің өте күрделі әрі қиын екенін өз тәжірибемізден білеміз. Даулы мәселелер шынайы тату көршілік пен халықаралық құқықтың іргелі қағидаттарына құрмет көрсету арқылы тек қана бейбіт жолмен шешілуі мүмкін. Мұның басқа жолы жоқ, — деді Президент.

Оның айтуынша, Қазақстан посткеңестік кеңістікте өзінің шекарасын толық делимитация жасаған жалғыз мемлекет ретінде өзара тиімді шешімдер іздестіруге барынша көмектесуге дайын.

Мемлекет басшысы көпжақты ықпалдастықтың берік экономикалық базасын қалыптастыру өзекті міндет болып қала беретініне назар аударды.

— Соңғы 5 жылда Қазақстан мен Орталық Азия елдері арасындағы тауар айналымы 42 пайызға артып, 6,3 миллиард долларға жетті. Өзара сауда-саттықты кеңейту үшін зор мүмкіндіктер бар екенін ескере отырып, алдағы уақытта бұл көрсеткішті 15 миллиард долларға дейін жеткізуге ниеттіміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті экономикалық әлеуетті және тиімді географиялық орналасудың артықшылығын толық пайдалану үшін құрылымдық және инфрақұрылымдық шектеулерді жоюды көздейтін өзара тығыз ықпалдастықты жолға қоюдың маңызды екеніне назар аударды.

Мемлекет басшысы аймақтың транспорттық байланысын арттыру және транзит шарттарын біртіндеп жақсарту қажет деп санайды. Сондай-ақ, Президент ғылым және білім саласындағы ықпалдастықты кеңейтуге шақырды.

— Бүгінгі Саммиттің қорытындысы Орталық Азиядағы бейбітшілік, қауіпсіздік және өркендеу үшін аймақтық кооперацияны дамытудың жаңа кезеңі болады деп санаймын. Қазақта «Татулық — таусылмас бақыт» деген даналық бар. Уақыт сынына төтеп берген тығыз әрі сенімді қарым-қатынасымыз, ортақ тарихи және рухани тамырымыз елдеріміз арасындағы достығымыздың сарқылмас көзі болатынына сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, Консультативтік кезде-

суде Кыргыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түркіменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев сөз сөйледі.

Кездесу қорытындысы бойынша Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Консультативтік кездесуінің бірлескен мәлімдемесі, Өңірлік ынтымақтастықты дамытудың 2022–2024 жылдарға арналған жол картасы, Орталық Азия мемлекеттерінің көпжақты форматтар аясындағы өзара іс-қимылдар тұжырымдамасы, Орталық Азияға арналған «Жасыл күн тәртібі» аймақтық бағдарламасы қабылданды.

Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасы, Кыргыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түркіменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы Орталық Азияны ХХІ ғасырда дамытуды көздейтін достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шарт келісілді және оған қол қою рәсімі басталды.

Сонымен қатар, Аралды құтқару халықаралық қорының құрылтайшы мемлекеттері басшыларының Аралды құтқару халықаралық қоры президентінің өкілеттіктерін ұзарту туралы шешімге қол қойылды.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

● ТАҒЫМ

ӘУЕЗОВ БЮСТІ АШЫЛДЫ

Қырғызстанның Шолпан-Ата қаласында Мұхтар Әуезовтің мұражай-үйі алдында қазақтың ұлы жазушысының бюсті ашылды. Шараға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты. Салтанатты іс-шарада Қырғызстанның экс-президенті Роза Отунбаева да болды.



Досбол
АТАЖАН

Президент ұлы жазушының бюстін ашып қана қоймай, құрметті қонақтар кітабына қолтаңба қалдырды.

Айта кеткен жөн, Мұхтар Әуезовтің Шолпан-Атадағы үйі 1959 жылы салынған. Қазақтың ұлы жазушысы бұл үйде 1959–1961 жылдары тұрып, жұмыс істеген, сондай-ақ өзінің «Өскен өркен» атты соңғы романын жазуды бастаған. Бірақ

аяқтап үлгермеді. 1970 жылы қыркүйекте мұнда Мұхтар Әуезовтің кітапхана-музейінің ресми ашылу рәсімі өтті. Қазіргі уақытта музейде жазушының жеке заттары: үстел, орындықтар, тербелмелі кресло, үстел сағаты, киім ілгіш, кітап шкафы, кітаптар сақталған.

Жазушының қызы Ләйлә Мұхтарқызының бастамасымен кітапханаға алғашқы 5000 дана кітап жиналды. Қазір кітапханадағы кітап қоры — шамамен 12000. Кітапхана-музейде семинарлар, оқу конференциялары, кездесулер өткізіліп тұрады.





БЖЗҚ-МЕН БІР КҮН

САЛЫМШЫ ҚАРАЖАТЫ СЕНІМДІ ҚОЛДА

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) аз уақыт ішінде-ақ халық сенімінен шығып үлгерді. Оған дәлел, осы күнге дейін «салымшылардың ақшасы жоғалыпты немесе басқа да келеңсіз оқиғалар орын алыпты» деген жайсыз хабар тараған емес. Қайта жылдар жылжыған сайын Қор салымшылары үшін барлық жағдай жасалып, мүмкіндіктер көкжиегі кеңейде. Тіпті, салымшылар (алушылар) өз шоттарында қанша ақша барын үйінен ұзамай-ақ, кез келген жерде отырып ұдайы қадағалай алады.

Салымшылардың қаражатын пашау шығармай ие болып отырған «БЖЗҚ» АҚ-ның Алматы қаласындағы филиалының тыныс-тіршілігі қандай? Осы сауалға жауап іздеп, аталған мекеменің табалдырығынан аттадық.

ЖАҢА КҮН

«БЖЗҚ» АҚ-ның Алматы қалалық филиалында күнделікті жұмыс күні таңертеңгілік лездемеден басталады. Филиал директоры Нұрлан Слямбекұлы Әміренов қызметкерлеріне әрбір тұтынушыға сапалы қызмет көрсетуді, зейнетақы заңнамасына енгізілген өзгерістерді, жаңа қызметтерді жан-жақты түсіндіруді міндеттейді. Сәйкесінше, әрбір қызметкер келушілерді жылы шыраймен қарсы алып, қажетті қызметтерді көрсетіп, барлық сұрақтарына жауап беріп, зейнетақы жүйесінде болып жатқан өзгерістермен таныстырады. Яғни филиал қызметкерлерінің әдеттегі жұмыс күні Қор кеңселерінде және олардан тыс жерде салымшыларға (алушыларға) жинақтаушы зейнетақы жүйесі аясында білікті және сапалы қызмет көрсетуден басталады.

Филиалда 94 қызметкер жұмыс істейді. Олардың 72-сі жеке және заңды тұлғаларға жинақтаушы зейнетақы жүйесі мәселелері бойынша төмендегідей қызмет түрлерін көрсетеді: Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Қордың ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленген тәртіпте Қор салымшыларының (алушыларының) зейнетақы төлемдерін тағайындау, зейнетақы жинағын аудару туралы өтініштерін қабылдау, қалыптастыру және тіркеу; салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірмелер беру; деректемелеріне өзгерістер (толықтырулар) енгізу; қолданыстағы заңнамамен және Қордың ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте хабарландыру тәсілін өзгерту (анықтау) туралы келісімді рәсімдеу; Қор қызметі туралы ақпаратты ұсына отырып, салымшыларға (алушыларға) ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу; халықтың қаржылық-құқықтық сауатын көтеру мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және т.б.

Қор салымшыларының өз жинақтары туралы ақпаратты тез алу үшін де барынша жағдай жасап келеді. Қазіргі кезде зейнетақы қорының арнайы сайтына тіркелген әр азамат өзінің жинаған қоры туралы ақпаратты кез келген жерде және қалаған уақытында ала алады. Қор сайтына тіркеліп, арнайы логин мен құпия сөз арқылы өзінің жинағы жайындағы ақпаратты біліп отырады. Қор зейнетақы жарнасының құпиялылығын қатаң сақтайды. Әр салымшы туралы жеке ақпарат «ҚР зейнетақымен қамтамасыз ету» туралы Заңымен қорғалған.

Бүгінде еліміз бойынша Қордың 231 бөлімшесі жұмыс істеп тұр. Әр салымшы



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

- 2022 жылдың 1 маусымына дейінгі көрсеткіш бойынша БЖЗҚ салымшыларға (алушыларға) 16,5 млн-нан астам қызмет көрсетті. Оның ішінде 11,3 млн-нан астам операция электрондық форматта, 4 млн-нан астамы автоматты түрде жүргізілген. Осылайша қазақстандықтар зейнетақы қызметтерінің 93%-ын қашықтан алды.
- Биылғы жарты жылдағы жағдай бойынша зейнет жасына байланысты төлемдер 42,4 млрд теңгені құрады.
- Зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты БЖЗҚ-нан кесте бойынша орташа айлық төлемнің мөлшері 29 360 теңгені, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары мөлшері 707 326 теңгені құрады.



өз жеке зейнетақы шоты туралы ақпаратты Қор бөлімшесінен немесе www.enpf.kz сайтынан біле алады.

ҚЫЗМЕТТЕР ҚОЛЖЕТІМДІ

БЖЗҚ қызметтері халыққа кез келген уақытта, кез келген жерде қолжетімді болуы үшін 2021 жылдың жазынан бастап Қор мамандары Алматыдағы Достық даңғылы, 85 мекенжайында орналасқан «Әлеуметтік қызметтер үйінде» де Қор салымшыларына (алушыларына) қызмет көрсете бастады. Онда да зейнетақы жүйесінің барлық бағыты бойынша толыққанды қызметтер көрсетіледі.

2021 жылдың 1 маусымы мен биылғы жылдың 1 маусымға дейінгі бір жыл ішінде филиал мамандары «Әлеуметтік қызметтер үйінде» салымшыларға (алушыларға) 9664 қызмет көрсеткен. Оның ішінде зейнетақы төлемдерін тағайындауға 708 өтініш, ал жинағын сақтандыру ұйымына аударуға 499 өтініш қабылданған. 2368 салымшының (алушының) деректемелеріне өзгерістер енгізілсе, 4084 салымшыға (алушының) жеке зейнетақы шотынан

үзінді көшірме беріліп, 1495 салымшының (алушының) ақпараттандыру тәсілін өзгерту туралы келісім жасалған.

Сондай-ақ, Қордың Алматы филиалының қызметкерлері қаладағы Әуезов, Түркісіб және Алматы аудандарының аумағында орналасқан 3 операциялық бөлімшеде, Есік, Қаскелең, Талғар, Қонаев қалаларындағы, Өтеген батыр, Ұзынағаш ауылдарындағы салымшыларға арналған қызмет көрсету орталықтарында дербес қызмет көрсетіп келеді.

Иә, жаһанданудың ақпараттық көшінен қалмай, күнделікті өмір сүру дағдымыз да өзгеріп, жаңарып жатыр. Соған орай, филиал ғимаратында «Өзіне-өзі қызмет көрсету» терминалы орнатылған. Оның болуы жұртшылықтың алтын уақыттарын үнемдеуге және қағазбастылықтан арылуға бірден-бір таптырмас құрал екені ақиқат.

ФИЛИАЛДАҒЫ «АШЫҚ ЕСІК» КҮНІ

Халықтың зейнетақы заңнамасы мәселелері бойынша қаржылық сауаттылығын арттыру және Қор қызметтерін насихаттау мақсатында БЖЗҚ әр тоқсан сайын «Ашық

есік» күнін өткізеді. «Ашық есік» шарасына қатысуға, әсіресе әртүрлі оқу орындарының (колледж, институт, университет) түлектері аса ықылас танытуда.

Коронавирус індетіне байланысты бұл іс-шара екі жылдан астам уақыттан бері онлайн тәртібінде өткізіліп келеді. Оның өтетіні туралы ақпараттар алдын ала ұйымдар мен мекемелерге таратылып, бұқаралық ақпарат құралдарында және қала, аудан әкімдіктерінің сайттарына орналастырылады.

Соңғы «Ашық есік» күні 2022 жылдың 28 маусымында «Зейнетақы активтерін басқару. Зейнетақы активтері қалай және қайда инвестицияланады?» деген тақырып шеңберінде өтті. Қазақстандағы және әлемдік қаржы нарығындағы экономикалық ахуалды ескерсек, бұл тақырыптың қазіргі уақытта өте өзекті екенін айта кетуге болады. «Ашық есік» күніне 461 адам қатысты.

КӨШ БАСЫНДА - АЛМАТЫ

Біз филиал басшысымен сұхбат барысында «Биылғы шекті сома өзгергенге дейін қанша адам баспана мәселесін шешіп алды, денсаулығын жақсартуға жұмсағандары қанша? Басқарушы компанияларға сенетіндер көп пе? БЖЗҚ бойынша Алматы қай бағытта көш бастап тұр?» деген сауалдарымызды көлденең тартқан болатынбыз.

— 2022 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша 2021 жылдың қаңтарынан бері БЖЗҚ салымшылардың (алушылардың) тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін жинақталған зейнетақы қаражатын пайдалануға 1 323 432 өтінішін орындады. Уәкілетті оператор-банктерде ашылған қазақстандықтардың арнайы шоттарына БЖЗҚ 3,1 трлн теңгеден астам қаржы аударды. Біржолғы зейнетақы төлемдерінің орташа сомасы — 2,4 млн теңге.

Орындалған өтініштердің ең көбі біздің Алматы қаласының (17,63%), Нұр-Сұлтан қаласының (13,98%) және Маңғыстау облысының (10,36%) тұрғындары тарапынан жолданған.

Сонымен қатар, БЖЗҚ емделуге берілген 298,0 млрд теңгеге 384 969 өтінішті орындады. Бұл ретте алуға болатын орташа сома шамамен 0,8 млн теңге. Сондай-ақ, салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ-на уәкілетті оператордан («Отбасы банкі» АҚ) 29,2 млрд теңге қайтарылды, бұл қаражат өтініш берушінің өтініші немесе өзге де себептер бойынша белгіленген мерзімде пайдаланылмаған.

2022 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша, инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) 8,7 млрд теңге аударылып, БЖЗҚ 5870 өтінішті орындады. Аударымның орташа сомасы 1,5 млн теңге. Қазіргі уақытта БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруға қатысты төрт ИПБ-мен («Halyk Global Markets» АҚ, «Jusan Invest» АҚ, «BCC Invest» АҚ, «Сент-рас Секьюритиз» АҚ) шарт жасасты, — дейді «БЖЗҚ» АҚ Алматы қалалық филиалының директоры Нұрлан Әміренов.



ӘКІМ

ТҰРҒЫНДАР ҚАУІПСІЗДІГІ БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ

Қала әкімі мен Төтенше жағдайлар министрі Алматы тауларындағы мореналық көлдердің жай-күйін тексерді

(Басы 1-бетте)

Тікұшақпен ұшып бақылауға «Қазселденқорғау» ММ, қалалық ТЖД және т.б. мекемелердің басшылары мен мамандары қатысты. Мореналық көлдердің, сондай-ақ Ақсай, Қарғалы, Кіші және Үлкен Алматы өзендерінің бассейндерінің жағдайына бағалау жүргізілді. Алматының маңайында барлығы 50-ден астам мореналық және мұздық көлдер бар, олардың 12-сі қауіпті. Жалпы қауіпті көлдердің жетеуінде ағымдағы жылы сел қатерін төмендету бойынша алдын алу жұмыстары жүргізілуде.

«Қазселденқорғау» мамандарының бағалауы бойынша Алматы тауларындағы мұздық көлдердің бұзылу қаупі бар. Сондықтан сел қаупіне байланысты жағдай ерекше бақылауда. Температураның жоғарылауына байланысты мұздықтардың еруі байқалады, олар қысқы қардан шамамен 40–80%-ға арылған. Мореналық көлдердің көпшілігі суға толған. Бірақ олардағы су деңгейі қазіргі уақытта қауіпсіз деңгейде, жер бетіндегі ағындар қалыпты шекте.

2021 жылы жергілікті бюджет есебінен 31 станциядан тұратын Кіші, Үлкен Алматы, Қарғалы және Ақсай өзендерінің бассейндерінде сел қаупінің автоматтандырылған мониторинг жүйесі енгізілді. Жүйе су деңгейін, ауа мен судың температурасын, топырақтың ылғалдылығын, жауын-шашынның қарқындылығын, сел түсу қаупін қоса алғанда, тау өзендерінің жай-күйінің 10-ға дейінгі



параметрлеріне автоматты түрде мониторинг жасайды.

Мореналық көлдердің жай-күйін тәулік бойы бақылау «Қазселденқорғаудың» 9 тұрақты және 10 маусымдық гидропостарында жүзеге асырылады. Алматы әкімдігінің қолдауымен олар тұрғын үй модульдерімен, тіршілікті қамтамасыз ету құралдарымен, гидрометеорологиялық аспаптармен және байланыс құралдарымен жабдықталған.

Мореналық көлдерден суды ағызу бо-

йынша алдын алу жұмыстарына барлығы 40 адам кірісті. Сондай-ақ, қажет болған жағдайда бульдозерлер іске қосылады. Эвакуациялық каналдарды тазалау және терендету жоспарлануда.

Тікұшақтан бақылау барысында қала әкімі «Аюсай» шатқалында салынып жатқан селден қорғайтын бөгеттің нысанымен танысты. Үлкен Алматы және Ақсай өзендерінің бассейндерінде 122 сел қаупі бар учаске, 114 мұздық, мореналық көлдер

орналасқан. Желілік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Ақсай және Аюсай шатқалдарында екі бөгет салынуда. Бүгінгі күні құрылыс белгіленген кестеге сәйкес жүргізілуде, Аюсай бөгеті бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімі 2022 жылдың соңына дейін, Ақсай шатқалы бойынша жұмыстарды аяқтау 2023 жылдың соңына дейін жалғасады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТАҒАЙЫНДАУ

БАСҚАРМАҒА ЖАҢА
БАСШЫ КЕЛДІ

Алматы қаласы Полиция департаментіне жаңа басшы тағайындалды.

Президент Әкімшілігімен келісе отырып, генерал-майор Арыстанғани Расылханұлы Заппаров Алматы қалалық Полиция департаментінің басшысы қызметіне тағайындалды. Ол бұған дейін Алматы облысының Полиция департаментін басқарған.

Жеке құрамға Полиция департаментінің жаңа басшысын Ішкі істер министрінің орынбасары, полиция генерал-майоры Қайрат Сентаев таныстырды.

Арыстанғани Расылханұлы Заппаров 1969 жылы туған. Ішкі істер органдарында 1993 жылдан бастап қызмет етеді. Басшылық қызметте үлкен тәжірибесі бар. 2019–2022 жылдары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары қызметін атқарған. 2022 жылдың қаңтарынан бастап Алматы облысының Полиция департаментін басқарды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

РҰҚСАТСЫЗ АҒАШ
КЕСПЕҢІЗ!

Алып шаһарда жасыл желектерге қиянат жасау әлі тыйылмай тұр. Әлеуметтік желіде Гагарин даңғылы, 80 мекенжайындағы ғимараттың жанында ағаштар кесіліп жатқаны туралы ақпарат тараған болатын.



Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Тұрғындар наразылығын тудырған жайтқа орай Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы мен қалалық ІД ЖПК қызметкерлері шұғыл тексеру жүргізіп, нәтижесінде аталған мекенжайда терек тұқымдас 3 ағашты отау фактісі анықталған. Белгілі болғандай, жасыл желекті кесуге медициналық орталықтың құрылысын жүзеге асырушы Б.К.Бекмұсаев есімді азамат тапсырыс берген. Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы басшысының орынбасары Ұлан Абдуллаевтың айтуынша, ведомство Гагарин даңғылы, 80 мекенжайы бойынша ағаштарды кесуге рұқсат бермеген.

Жасыл желектерді зақымдағандарға Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 386-бабы-

на сәйкес әкімшілік хаттама толтырылды. Енді оларға рұқсатсыз кесілген 3 ағаштың орнына 150 жапырақты ағашты өтем ретінде отырғызуға кепілдік міндеттеме жүктеледі.



ЖОБА



Мегаполисте «Халықтың бюджетке қатысуы» бағдарламасына өтініш қабылдау кезеңі аяқталды. Алматыны көріктендіруге үлес қосатын жобаға қала тұрғындарынан 1251 ұсыныс түсті. Бұл өткен жылмен салыстырғанда келіп түскен өтініштердің саны 33%-ға артты деген сөз.

АЛМАТЫ ХАЛҚЫ
БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ

Биыл қала тұрғындарынан 1251 жобалық ұсыныс түсті



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы әкімдігінің бастамасымен қолға алынған «Халықтың бюджетке қатысуы» пилоттық жобасы Қазақстанда алғаш рет 2019 жылы басталған болатын. Мақсат – тұрғындардың өз ұсыныстары мен бастамалары негізінде қала аудандарын абаттандыру.

Қала әкімдігінің баспасөз қызметінің мәліметінше, сәтті жобаға 2019 жылы қала тұрғындарынан 333 ұсыныс, 2020 жылы – 795 өтініш түскен. 2021 жылы алматылықтар 934 ұсыныс жіберген.

Биыл қала тұрғындарынан аулалар мен қоғамдық пайдалану орындарын абаттандыру бойынша ұсыныстар көп түскен. Олардың ішінде спорт және балалар алаңдарын орнату – 371, күркелер мен орындықтар, қоқыс жәшіктерін орнату және жөндеу – 324. Одан кейін саябақтар мен гүлзарларды жасауға, жөндеуге, көше жарығын орнатуға, тротуарлар салуға, көгалдандыру мен қоқыс тастайтын жерлерді жоюға бағытталған жобалар қамтылған.

Қала әкімдігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, қазір бағдарламаның 2-кезеңі басталды. 21 шілде мен 12 тамыз аралығында сарапшылар кеңесі өтініштердің критерийлерге сәйкестігін бағалауды және алдын ала рұқсат беру хаттамасын жариялауды жүргі-

зетін болады. Жобалық ұсыныстарды пысықтау үшін авторларға 10 күнтізбелік күн беріледі. Келіп түскен өтінімдер сараптамалық іріктеуден және жалпы қалалық дауыс беруден кейін 2023 жылы іске асырылатын болады. Толық ақпаратпен жобаның <https://budget.open-almaty.kz> сайты арқылы танысуға болады.

Айта кетейік, биыл жобаға өтінім қабылдау 1 маусымда басталып, 20 шілдеде аяқталды. Өтініш беру бойынша Алатау ауданы (204) мен Алмалы (171) аудандары көш бас-тап тұр.

КЕРЕК ДЕРЕК

Алматы қаласының аудандары бойынша жобалық ұсыныстардың саны:

№	Аудан	Саны
1	Алатау ауданы	204
2	Алмалы ауданы	171
3	Әуезов ауданы	163
4	Бостандық ауданы	165
5	Жетісу ауданы	127
6	Медеу ауданы	128
7	Наурызбай ауданы	129
8	Түркісіб ауданы	164
Барлығы		1251



ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

«ЕЛДІҢ ДАМУЫНА ӘРБІРІМІЗ АТСАЛЫСУЫМЫЗ КЕРЕК»

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа Қазақстанды бірге құруға шақырған болатын. Сонымен қатар, өткендегі Үкімет отырысында шенділерге бірқатар міндеттер жүктелді. Дәлірек айтқанда, экономиканы дамытуға, инфляцияны ауыздықтауға, азық-түлік бағасын тұрақтандыруға қатысты нақты тапсырмалар берді. Осы тұрғыдан алғанда экономика сарапшыларының, белсенді азаматтардың ой-пікірі маңызды саналады. Осыған орай, UIB бизнес мектебінің директоры, экономист Мақсат ХАЛЫҚТЫ сұхбатқа тартқан едік.



– Аға, «Жаңа Қазақстан» ұғымын қалай ұғасыз?

– Бұл ұғымды әр саламен байланытырушы едім. Тек экономика мен саясатқа тегінен жаңсақтық. Оның ішінде мәдениет, руханият, өнер – бәрі бар. Жаңа Қазақстан – либералдық басқаруды енгізу деп түсінер едім. Сонымен бірге, халықтың мүддесі жоғары тұратын, нарықтық экономикасы басым, әлеуметтік бағдарланған дейтін қарапайым терминдер іс жүзінде жүзеге асқан мемлекет деп санаймын. Нарықтық экономиканың өзін ғана айтып қоя салуға болады. Алайда, осы жүйе қоғамды бай және кедей ретінде екі топқа бөледі. Байыған азаматтардың мал-мүлкі арта береді. Ал екінші тарап кедейшілік деңгейінен шыға алмай қалады. Біз ондай бағытты таңдамауымыз керек. Азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту басты талап болғаны дұрыс. Дәлірек айтқанда, әлеуметтік жағдай жан-жақты қамтылған қоғамға ұмтылған абзал.

Жаңа Қазақстан – дауыстың еркіндігі. Сонымен бірге, заңның үстемдігі орнауы қажет. Өйткені, барлығы заңдық тұрғыдан өзінің қауіпсіз болғанын қалайды. Әрбір азамат өзін заңдық, әлеуметтік тұрғыдан қорғай алатын орта қалыптасу керек деп білемін. Сыбайлас жемқорлықты тежеген елге айналсақ, аталған ұғымның қадірі арта түспек. Бір нәрсені баса айту керек. Егер әркім салық төлегенде өзінің азаматтық борышы ретінде, өз мемлекетіне төлейтінін терең сезінсе, осы сезімді үлкен жетістік сипатында ұйғарамын. Осындай бюджеттік түсімдер арқылы көптеген қордаланған істерді шешуге мүмкіншілік аламыз. Бір сөзбен айтқанда, өз Отанымыз өзіміз үшін ыстық болуы шарт.

– Дамыған елдерде жоғары, ортаңғы, төменгі тап қалыптасқан. Бізде орта тап қалыптасқан ба?

– Сұрағыңыз өте орынды. Түсінген жанға орта таптың болуы үлкен күшті сездіреді. Біздегі орта таптың үлесі 1% ғана. Демек, оның ауылы алыс деген сөз. Көбіне қатты байығандарды немесе артта қалып қалғандарды байқаймыз. Әлі де орта деңгей көзге көрінбей тұр. Әлеуметтік жағдай тым шиленіске түсіп кеткен. Егер аңғарсаңыз, халықтың біршамасы азық-түлік алу үшін несие алады. Былтырғы жылғы көрсеткіш бойынша айлық-жалақының 57%-ы тамақ өнімдеріне жұмсалған. Биыл да осы көрсеткіштің төңірегіндеміз. Ал несие алғандар техника, смартфон, көлік алудан бөлек, несиеңіз 16%-ын азық-түлік өнімдеріне рәсімдеген. Экономика сарапшыларының пікірінше, егер ас-ауқат сатып алуға 50%-дан астам қаражат жұмсайтын болса, онда жағдай мәз емес дегенді білдіреді.

Орта тапты қалыптастырудың өз жолы бар. Ең бастысы, шағын және орта кәсіпке көбірек көңіл бөлген жөн. Соңғы кездері бұл салада ілгерілеу байқалады. Бірақ майшаммен қарасаңыз, көңіл көншітпейді. Шағын және орта бизнесті салықтан жалтаруға бола ашу әбестік. Шындап келгенде, ірі кәсіп иелері салықтан жалтару үшін бірнеше бөлікке бөліп, бірнеше «ЖК», «ЖШС» ашып қойған. Кәсіпкер жылына 300 млн табыс табуы мүмкін, бірақ қосымша құн салығынан



қашып осылай жасап отыр. Көбісі 30 мың АЕК-тен асып кетсе 12% және 20% корпоратив салығын төлеуге киналады. Бәрін қосқанда 32% шығады. Одан да орта кәсіп дамысын десек, жаппай 6% бөлшек салығын енгізген тиімді болмақ. Сонда бәріннің көңілі толады. Ешкім салықтан жалтара қоймас. Мұнымен барлығына топырақ шашпаймыз. Десек те, арасында табысын аз көрсеткісі келетін бизнес иелері кездеседі. Бірақ мұны аса ауқатты бизнес өкілдеріне қолданбайық.

Орта тапты қолдау білдірген кезде дамыта аламыз. Қағазбастылыққа бой алдырмайық. Әйтпесе, бюрократияға ұшыраймыз. Өзі енді бастап жүрген кәсіпкерлер үшін екінші деңгейлі банктерден 15%-бен несие алу тиімсіз. Жұрттың бәрі кәсіп ашуға «Даму» қорынан 6%-бен қарыз ала алмайды. Бұған елгінде айтқандымдай, құжаттық кедергі жеткілікті. Байқасаңыз, осындай тосқауылдар орта тап кластерінің орнауына дес бермей тұр. Біздер аталған мәселелерді шешу жолдарының бірсыпырасын ғана тілге тиек еттік. Егер орындалса, нұр үстіне нұр болмақ.

– Баспана мәселесін түбегейлі шешудің жолдары бар ма?

– Әрине, әр істің өз жөн-жосығы бар. Бүгінгі таңда 17 миллион шаршы метр үй салынып жатыр. Өткен жылдары 15 миллион шаршы метр болған. Демографиялық қарқынның өсуіне бұл көрсеткіш жеткілікті болуда. Байлаша айтқанда, тасбақа жүріске салынып келеміз. Үй бәрінен маңызды. Баспанасы жоқ адам ол – жарым-жартылай кейіпте жүреді. Жуықтап алғанда 100 мың адамға ғана пәтер кілтін табыстаудамыз. Ал кезекте 600 мыңның үстінде тіркелуші тұр. Сонда 6 жыл уақытта әзер үймен қамтып бітеміз. Бірақ тізім қатары артып барады. Осыны да ескеру қажет. Барша республика бойынша үйге мұқтаж 2 миллионға жуық адам бар. Оның 70–80%-ы жас отбасылар мен жастар. Егер жылына 100 мың төңірегінде ғана баспанамен қамтысақ, онда 20 жыл уақыт керек болады.

Біз осы мәселе жөнінде айтып та, жазып та келеміз. Бұған «өндірістік мүмкіншілік жетіспейді» деген екішты жауап естіп жүрміз. Мұны шешудің жолы – отандық құрылыс компанияларын құрған абзал. Елімізде қажетті темір де, ағаш та, топырақ та, т.б. құрылыс материалдарының баршасы бар. Ол компаниялар үйдің бағасын шарықтап алудың жолын қарастыру керек. Әйтпесе, қолайлы мемлекет тарапынан берілген қолайлы жағдайға масаттанып, пәтер қымбаттай берсе, түбі үлкен резонансқа алып барады.

– Елімізде «Ана капиталы» деген ұғымды жүзеге асыра аламыз ба?

– Ойыңыз дұрыс. Өзім де осы ұстанымда жүрмін. Сіздің сөзіңіздің түп төркіні әлемдік экономикада дәлелденген тәжірибе деп айтар едім. Әрбір туған бала – мемлекеттің қазынасы. Оған жақсы жағдай жасап, мықты азамат шығару өте үлкен жауапкершілікті іс саналады. Бұл – болашақтың ізгі ісі. Мұны жүзеге асырғандар туу коэффициенті төмендеген елдер саналады. Әсіресе, Еуропа мен Ресейде қатты қолға алынууда. Ол жақта картаю басым, табиғи өсім аз. Сондықтан осындай қадамға баруда. Мысалы, Австрияда Минивэн көлігін береді. Яғни көпбалалы отбасылардың қатынасуына ыңғайлылық тудыру үшін осылай жасалған. Пәтермен қамту, ипотекасының белгілі мөлшерін азайту және несиеңіз кешіру сынды көптеген қолдаулар бар. Бізде де көпбалалы жанұяға мектептен тамақ, киім-кешек беріледі. Көбіне берілген заттар сапасыз болуда. Сондықтан электронды форматта, ата-ана есеп шотына қаржыны тікелей аударған тиімді. Себебі, әкеші балаға қандай киімнің шақ келетінін, қандай тамақ тұтынатынын жақсы біледі. Сондай-ақ, бала-шағаларының жағдайын жақсы ұғады.

– Көпбалалы жанұялардың ішінде де мүге-

дек бала асырап отырғандары болуы мүмкін. Осындай бүлдіршіндерімізді, асырап күтуші ата-аналарын шипажай сияқты түрлі демалыс орындарына жіберсек. Мына заманда 7-8, арысы 10 баланы дүниеге әкелу ғажайып жаңалық емес пе?

– Айтқан пікіріңізге толық қосыламын. Бұл идеяңызды орынды санаймын. Осы арада бір сауал туады. «Мұның бәріне қаржыны қалай табамыз?» деген сияқты. Мұның да жауабы дайын. Сонау кезінде заңсыз сыртқа шығарылған қаржылар бүгінде қайтуда. Сол ақшаларды пайдаланғанда, кейбір жобаларды қысқартып, осы бағытқа бұрсақ, тиімділігін көреміз. Сонымен қатар, алғыс аламыз. Әуелі әлеуметтік қарғалар ашып, сандық форматта жүзеге асырсақ, ашықтық болады деп сенемін. Бірақ мониторинг жасап отыруды ұмытпайық.

Өткенде Дүниежүзілік банктің дерегін көзіміз шалды. Онда Қазақстанда 6 миллион бала бар деп көрсетілген. Соның 1 миллионы тұрмысы төмен отбасыларда өмір сүреді екен. Олардың көпшілігі көпбалалы отбасыларда тәрбиеленуде. Бұл статистика алаңдатады. Ол балалар өз бойындағы қабілет-қарымын дамыта алмауда, үйірмелерге қатысуды айтудың өзі артық. Қарақөздеріміздің жағдайын өзіміз әзірден ойламасақ, ұрпақ тәрбиесінде үлкен олқылық жіберген болып саналамыз. Егер болашағымыз жақсы болсын десек, осындай мәселелерге ден қоюымыз қажет.

– Дүниежүзілік қаржы орталықтары Нью-Йорк, Дубай, Швейцария саналады. Қазақстанды Орталық Азияның қаржы орталығына айналдыруға бола ма?

– Әлбетте! Біздің табысымыз, жылдық айналыммыз бірқалыпты. Бұрын бұл контентте Ресей алда тұратын. Оның қазіргі халі түсінікті. Дүниежүзілік банктің есебі бойынша еліміз тұрақты экономика жүргізіп отыр. Инвестор тартуға өте қолайлы саналады. Қазіргі таңда «Астана қаржы орталығы» өз жұмысын жалғастырып келеді. Соңғы уақыттары жетістіктерді аса байқап отырған жоқпыз. Бір жағынан олаймын, экономикада, бизнесте, қаржы секторында өзіміздің отаншыл рухыға азаматтарды көптеп қалыптастыру керек. Сонда бірінші кезекте барлық іс-қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізеді. Екінші тараптан алғанда, қазынаға қол салмайды. Жалпы айта берсең, әңгіме көп.

Ең басты ұстаным – әрбір азамат өз Отанын шексіз сүйі керек. Туған ел бәрінен қымбат хәм ыстық. Осы қағидаға берік болсақ, біз алмайтын қамал қалмайды дегім келеді.

– Экономиканы қазақша сөйлетуге бола ма?

– Соңғы уақыттары экономика, бизнес, менеджмент және қаржы саласына жас мамандар көптеп келуде. Олардың басым көпшілігі өзін-өзі жан-жақты қалыптастыруды қалайды. Бірнеше тіл игерген. Әсіресе, ғаламторда, сауда орындарында, автобустарда, халыққа қызмет көрсету орындарында мемлекеттік тілдің бәсі артуда. Яғни контент күшейді, сұраныс бар деген сөз. Сондықтан көптеген кәсіпкерлер осы ахуалды түсініп, кәсіптерін қазақшалауда. Жарнаманы тұтынушылардың сұранысына байланысты беруде. Біз де қазақ тілді контентті қалыптастыруға өз үлесімізді қосудамыз. Биылғы жылы бизнесті басқару саласында қазақша дәрестерді қолға алдық.

Өйткені, уақыттың талабы солай. Бір сөзбен айтқанда, түбінде барлық мекемелердегі іс-қағаздар тек мемлекеттік тілде жүргізілетін болады. Соған жету үшін әрбіріміз патриот болуымыз қажет. Сонда Қазақ мемлекетінің айыбын асқақтайды, отаншыл, рухты жастар қалыптасады демекпін.

– Үлкен рахмет, табыс тілейміз!

ӨНДІРІС



ӘЛЕМДІК ҚАЖЕТТІЛІК

Алматыда түрік инвесторлары желатин өндіретін зауыт салады

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қала әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров Түркиядан келген инвестормен кездесті. Ол – Iskefe тобының орындаушы комитетінің мүшесі Серташ Ахмет Левент. Екі тарап Алматы индустриялық аймағында желатин өндіретін зауыт салуға қатысты бірқатар мәселені талқылады.

Шетелдік компанияның жобасы Алматы қаласының Өңірлік үйлестіру кеңесінің 2021 жылғы 21 желтоқсандағы хаттамалық шешіміне сәйкес индустриялық аймақ қатысушыларының тізіміне енгізілген. Жобаны жүзеге асыру үшін 4,5 гектар жер учаскесі бөлінді. Инвестор болашақта 100-ден астам тұрақты жұмыс орнын қамтамасыз ете отырып, зауыт құрылысына шамамен 9,8 млрд теңге салуды жоспарлап отыр. Кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 7 мың тоннадан астам «Халал» стандартты желатин шығаруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта «Halavet KZ» ЖШС жобалық құжаттаманы Қазақстанның құрылыс нормалары мен стандарттарына бейімдеу рәсімін жүргізуде. Зауыт 2024 жылы ашылады деп жоспарланып отыр.

Желатин өндірісі үшін шикізат ретінде жергілікті ІҚМ терілері пайдаланылмақ, яғни ел аумағын қамту үлесі кемінде 60%-ды құрайды. Компания мамандарының айтуынша, бүгінгі таңда Қазақстанда тамақ, косметикалық және фармацевтикалық өнеркәсіп кәсіпорындары өз өнімдерін өндіру үшін желатинді тек шетелден алдыртады, сондықтан Алматыда зауытты ашу отандық өндіріштерге сапалы шикізаттың қолжетімді болуына мүмкіндік береді.

«АҚШАМНЫҢ»
АНЫҚТАМАСЫ:

«Halavet KZ» ЖШС 1957 жылы Түркияда құрылған Iskefe холдингінің құрамына кіреді және 7 тегі зауытын, желатин, ақуыз, гидролизаттар, жануарларға арналған сұйық аминқышқылдарын өндіретін зауыттарды, ғылыми-зерттеу орталығы мен сынақ зертханаларын біріктіреді. Еуропа мен Азияның сауда нарығындағы сиыр желатиніне әлемдік қажеттіліктің 6%-ы Iskefe Holding үлесіне тиесілі.



СҰХБАТ

«ЕҢКЕЙГЕННЕН КІШІРЕЙІП
ҚАЛМАЙМЫН...»«Еңбек деген
байлық бар, ерінбеген
жететін...»

Алматыдай алып шаһарда еңбек етем деген адамға жұмыс көп. Бірақ ел үшін еңбек етсе де, еңбегі елене бермейтін қарапайым азаматтар жайында біле бермейтіміз өкінішті. Әйтпесе, бізде ақ адал еңбегімен қоғамға пайдасын тигізіп жүрген қаншама кәсіп иесі бар! Сондай еңбекқор жандардың бірі – Төлеу НАЗАРХАНОВ. Тапқан табысымен жанұясын бағып, көлігін мініп, отбасын береке-лендіріп жүрген бұл азамат Алматы ауданына қарасты «Алматы тазалық» МКК-ның «жол жұмысшысы» екен. Әңгімесін тыңдап отырып, қарапайым қазақ жігітінің өз жұмысына деген адалдығына һәм құрметіне тәнті болдым.



Бастық екен десем...

Жұмысқа уақытында жету үшін такси тоқтаттым. Зу етіп келіп тоқтаған көлік жүргізушісі ілтипатты, әдемі киінген, көлігінің іші мұнтаздай таза, қырықтың арғы-бергі жағындағы жігіт ағасы екен. Асығып бара жатқанымды айтып, көліктің артқы жағына жайғастым. «Кептеліске түсіп, жұмысқа кешігіп қалсам қайтем...» деген күдік те жоқ емес көкейде. Бағдаршамның қызылы жанбаса деп жолға қарап отырып, көлік маңдайшасына ілінген «Жол жұмысшысы» деген бір визиткаға көзім түсті. Несін жасырайын, кәсіп иелеріне берілетін тілдей қағаздағы мұндай визитканы бірінші рет көруім. Сосын мәнін түсінбекке жүргізушіні әңгімеге тарттым.

- Сізді бастық екен десем...
- (күліп...) Қарапайым жол жұмысшысымын.
- Жол жұмысшысы...
- Біз қаланың тәулік бойғы тазалығына жауап береміз. Ауысыммен жұмыс істейміз. Белгілі бір уақыттарда қала көшелерін көлікпен аралаймыз. Міндетіміз – жол

үстіндегі тазалыққа жауап беру. Мәселен, жолда жүйткіп келе жатқан көлік абайсызда қандай да бір жануарды (итті немесе мысықты) қағып кетті делік... Сіз көрдіңіз бе, сол жануарларды қаққан жүргізушінің тоқтап, басқаларға кедергі жасамасын деп жол шетіне шығарып жатқанын? Жок! Оларды жолдан біз тазалаймыз. Сол секілді, кейде қала көшелерінде күндіз немесе түнде көлік апаттары орын алып жатады. Сондағы сынған әйнектер мен қираған қалдықтардан тазарту да бізге жүктелген міндет. Ауысыммен жұмыс істейтін болғандықтан, күндіз-түні қала жолдарын қадағалау жол жұмысшыларының мойнында. Өттеген-айы, біздің еңбегімізді көпшілік бағалап, елене бермейтіндіктен, қалада жұмыстың мұндай түрі бар екенін көпшілік біле бермейді.

– Сөзіңізден байқағаным, күндіз таксиде екенсіз, түнде жұмысқа шығасыз? Сонда қашан демаласыз? Қашан ұйықтайсыз?

– Еңбек етем деген адамға уақыт жетеді ғой. Бір жалақыға қарап отырсаң, мынадай алып шаһарда аш қаласын. Аллаға шүкір, денім сау. Қартайып тұрған жоқпын. Адам шын ниетімен қаласа, бәрін жасайды. Балаларымның тәрбиесіне де, үй шаруасына да уақыт табатын жұбайым өзіммен бірге жұмыс істейді. Тамағым дайын, үйім жинау-



КЕРЕК ДЕРЕК

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«Музыкалық
фестиваль
Nomad Vibes
vol.7»

Өтетін орны: Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 176, «Қазақ-фильм» киностудиясы.
Жанры: Әуезді кеш.
Күні мен уақыты: 23 шілде, 14.00.
Ұзақтығы: 2 сағат, 30 минут.
Жас санаты: 6+


Фотокартиналар
көрмесі

Өтетін орны: Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі.
Көрмені ұйымдастырушылар: Қазақстан Кинематографистер одағы Игорь Александрович Вовнянко-ның 80 жылдығына арналған еске алу іс-шараларының аясында «Менің Қазақстаным» атты фотокартиналар көрмесін ұсынады.
Күні мен уақыты: 25 шілде, 16.00.
Жас санаты: 3+



«Қайрат» ФК – «Ақсу» ФК

Өтетін орны: Алматы Орталық стадионы.
Сыйымдылығы: 23 804.
Кіру: Абай даңғылы жағынан.
Күні мен уақыты: 24 шілде, 21.00.
Тұрақ: Көлік жүретін жол бойындағы жерүсті тұрағы.
Назар аударыңыз! COVID-19 инфекциясының таралуын болдырмау үшін мекемеде келушілер Ashyq жүйесі арқылы тексеріледі.





лы. Жұмыстан келе салып демаламын. Жалпы, ұйқыға сергекпін. Бала кезімнен солай. Ата-анам ерте тұратын, олар ояғанда мен де тұрып алатынымын. Сондықтан шығар, көп ұйықтағанды ұнатпаймын.

– Жұмыста қандай қызықты оқиғалар болады? Көңіліңіз хош көрмейтін көріністер бар ма?

– Қайсыбірін айтайын, тіршілік қазаны үздіксіз қайнап жататын Алматыда кейде тыным таппай еңбек ететіміз бар. Жүктелген міндетті атқарып жүргенде замандастарымның төбемнен қарап, мысқылдай күліп тұратынын жиі кездестіремін. Ал жастар біздің жұмысты мазаққа айналдыратынын үнемі байқаймын. Жерде жатқан заттарды жинап, тазалап жатқанымызды көрген кейбір достарым маған: «Ел көреді, жұрт көреді. Басқа жұмыс табылмады ма? Неге көше тазалап жүрсің?» дейді. Бірақ бұл менің жұмысым, міндетім. Еңкейгеннен кішірейіп қалмаймын ғой. Керісінше, жұмысыма деген құрметімді көрсетеді деп ойлаймын. Сондықтан адам баласы жұмысының жеңіл, не ауырлығына, табысының аз, не көбіне емес, бірінші кезекте адалдығына мән беруі керек. Сонда ғана еңбек еленеді, бағаланады.

Еңбек етем деген адамға жұмыс көп

– Отбасыңыз бар екен. Тапқан табысыңыз жан-ұяңызды бағуға жете ме?

– «Береке еңбек еткенге бітеді» деген. Отбасы құрғалы ешкімге қол жайып, көмек сұрап көрген жоқпыз. Ай сайын алатын тұрақты жалақымыз бар. Белгілі себептермен болмаса, бос уақытымда ешқашан үйде жатпаймын. Осы тынымсыз еңбегімнің арқасы болар, жақында мына мініп келе жатқан темір тұлпарды сатып алдым. Аллаға шүкір, жағдайымыз жаман емес. Ел қатарлы өмір сүріп жатырмыз. Ең бастысы – өмірге деген құлшынысың болсын. Мен ер-азаматпын, отбасымның тірегімін. Оларға қамқорлық жасап, барлық қажеттілікпен қамту менің міндетім. Жұбайымды сыйлаймын, балаларымды жақсы көремін. Сондықтан олардың бір нәрседен қыжалат көріп, қиналғанын көргім келмейді. Шамам келгенше, еңбек етуге тырысамын. Бүгін жұмыстан келген соң бір сергіп ұйықтап алдым да, міне, біраз такси болып жүріп қайтайын деп жолға шықтым.

– Замандастарыңыз «жұмыс жоқ» деп жатады ғой. Бұған не дейсіз?

– Өз басым, жұмыссыздардың қатарын көбейтіп жүрген тепсе темір үзетін біраз жігіттерді білемін. Олардың арасында қолына дипломын ала салып, жалақысы көп жұмыс істегісі келетіндер де бар. Бірақ жоғары жалақы алу үшін төменнен бастау керек шығар. Ешқандай басшы бірден креслоға отыра қалған жоқ. Барлығы өз еңбегінің арқасында көтерілді. Жылдар бойы жинаған тәжірибеге ғана сеніп білікті басшы болуына мүмкіндік береді. Сондықтан бірден жоғары айлық алып, бастық болуға ұмтылудың қажеті шамалы. Барлығы маңдай термен келеді. Ал еңбек етем деген адамға жұмыстың түрі көп. Бөріктілер маған өкпелемесін, бүгінде арамдызда әйелдерінің балалары үшін алатын жәрдемақыларын күтіп отыратын жігіттер де бар. Қазір тал түске дейін ұйықтап, кешке дейін телефон шұқылайтын заман емес қой. Күні бойы телефоннан қажетсіз дүниелерді көргенше, өзіңе қажетті ақпараттарды қарау керек.

– Сіздіңше, бұл ақпараттардың пайдасы бар ма? Мәселен, қандай бағдарламаларды айтар едіңіз?

– Әрине! Алматыда «Жұмыспен қамту» деген бағдарлама бар. Сонда қарапайым жұмыстың сан түрі тұр. «Екі қолға бір күрек» таба алмай жүрсен, сондағы жұмыстардың бірін істе. Қайдан білесіз, сол жұмыс арқылы сіз еленіп, ескеріліп, талай асуларды бағындыратын шығарсыз. Бәрі мүмкін ғой. Замандастарыма айтарым, жұмыссыздық ешкімге опа әпермейді. Бір жұмысқа байланып қалу да міндет емес ешкімге! Қол емес болып бара жатса, басқа жұмыс табасың. Бастысы, алға жылжу. Бос жатпау! Қалғанына уақыт төреші!

Әңгімелескен Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

КӘСІПОРЫН

Жаңа өндіріс орны ашылды

Алматыда Қазақстанның түрлі өнеркәсіп салаларының кәсіпорындары үшін басқару және автоматтандыру жүйелерінің өндіріс орны ашылды.



Досбол
АТАЖАН

Мегаполисте басқару және автоматтандыру жүйелерін шығаратын жаңа өндіріс орнының ашылу салтанаты өтті. Салтанатты іс-шараға ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Алмас Айдаров, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров, АҚШ елшілігінің өкілдері және компания қызметкерлері қатысты.

Жаңа өндіріс технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелерінің (ТБАЖ) шкафтарын және аварияға қарсы қорғау (ПАЗ) жүйелерін шығарады. Шығарылатын жабдық мұнай мен газды өндіру, өңдеу, тау-кен өнеркәсібі, энергетика, химия, мұнай-химия және басқа салаларда отандық кәсіпорындардың қауіпсіздігін арттыру үшін пайдаланылатын болады.

«Бұл шағын жоба, инвестиция көлемі 100 млн теңгені құрайды. Бірақ ең бастысы, қазіргідей геосаяси жағдайда әлемнің ірі компаниялары бізге сенім артып отыр. Биыл наурыз айынан бастап Ресей нарығынан кететінін хабарлаған әлемдік компаниялар ішінен біз өзімізге ең ірі 265 компанияны нысанға алдық. Олармен қазір өндіріс орындарын бізге әкелу туралы келіссөздер жүргізіп жатырмыз. Бүгінгі күні 43 ұйыммен келісімге келдік.



Honeywell компаниясы да осы келісімнің ішіне кіреді. Ал ресейлік компаниялар туралы айтатын болсақ, былтыр 5 ай ішінде көрші еліміздің азаматтары Қазақстанда 450 компания ашса, биыл осы уақыт аралығында ол 3 мыңдай болды», – деді ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Алмас Айдаров.

Жобаны электронды басқару және автоматтандыру жүйелері нарығындағы әлемдік көшбасшылардың бірі болып табылатын американдық Honeywell корпорациясы жүзеге асырады.

«Біз жақында ғана қала дамуының негізгі бағыттары туралы жобамызды таныстырдық. Әлемдік компаниялардан инвестиция тарту осы жобамызға толықтай сәйкес келеді. Алматыда жаңа өндірістің орналасуы қалада құрылған қолайлы инвестициялық ахуалды көрсетеді. Әкімдік қаланың тұрақты экономикалық дамуына ықпал ететін жоба-

ларға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын», – деді ашылу салтанатында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров.

Жыл басынан бері Алматы қаласы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 580,6 млрд теңгені құрады, нақты көлем индексі – 117,9%. Негізгі салымдар жылжымайтын мүлік саласында жасалған – 282,4 млрд теңге, одан кейін көлік және қойма – 86,5 млрд теңге, өнеркәсіп – 48,7 млрд теңге, қаржы және сақтандыру қызметі – 41,3 млрд теңге, білім беру – 31,7 млрд теңге.

Бүгінгі таңда Алматыда 2022–2025 жылдарға арналған жалпы құны 1,8 трлн теңге болатын 5,3 мың жұмыс орнын құрумен 185 инвестициялық жобадан тұратын жұмыстар қолға алынды. Ағымдағы жылы 2,8 мыңнан астам жұмыс орнын құрумен 588 млрд теңгеге 77 жобаны іске асыру жоспарланып отыр.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК

КЕРЕК ДЕРЕК

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«NE PROSTO ORCHESTRA»

Өтетін орны: Алматы қаласы, Республика сарайы.

Күні мен уақыты: 13 тамыз, 19.00.

Тұрақ: бар.

Жас шектеуі: 7 жастан асқан балаларға жеке билет сатып алу керек.

Қосымша: тамақ пен сусындармен кіруге тыйым салынады.



«ТОР: Махаббат және найзағай»

Өтетін орны: Барлық кино-театрлардан тамашалай аласыздар.

Күні мен уақыты: 25 шілде, 13.30, 15.40, 17.30, 19.00.

Өндіріс елі: АҚШ.

Режиссер: Тайка Вайтити.

Басты актерлер: Крис Хемс-ворт, Натали Портман, Тайка Вайтити, Мэтт Дэймон.

Жанры: Шытырман оқиғаларға толы фильм.

Ұзақтығы: 1 сағат, 30 минут.

Жас шектеуі: 6+

Қосымша: тамақ пен сусындармен кіруге рұқсат етіледі.



«Керамика сабағы»

Орналасқан жері: Алматы қаласы, Айманов көш., 126, 405-үй.

Күні мен уақыты: әр сейсенбі және бейсенбі сағат 10.15, 19.00, сенбі сайын 18.00.

Ұзақтығы: 1 сағат, 30 минут.

Жас шегі: 6+

Ерекшеліктер: Сіз өнімді сабақтан кейін бірден ала аласыз. Бірақ саз керамикаға айналады және муфельді пеште кептіру және күйдіруден кейін ғана бұзылмай, сумен байланыста болады.

Әзірлеген Ақтолықн ТҮРЛЫҒАЗЫ.



ТӘРБИЕ ДЕГЕН БІР ТӘҢІР

АНА – АЛЛАНЫҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ

Қазақта «шеше» деген киелі сөз бар. Астары терең, мағынасы жоғары. Барша адамзат үшін қастерлі ұғым.



**Олжас
ЖОЛДЫБАЙ**

Ауыл деген қазына ғой. Обал-сауапты үйретеді. Жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге септеседі. Әсіресе, ата-ананың қадір-қасиетін ұғынуға үйретеді. Біреу келіп күнде айтпаса да, ол жердің ортасы осындай игі қасиеттерге үндейтіндей. Ел жақта ойымызды түсінетін жеңгелер болады. Егер де жол түсіп бара қалсақ, міндетті түрде жеңгейге соғуға тырысамын. Шәйін ішіп, емен-жарқын әңгімелескен жағады. Әр барған сайын «екең өлсе де, шешен өлмесін» дейтін. Студент кезімізде осы сөздің мәнағынасына тереңірек үңілмейтінбіз. Жәй бір айтылған сөздей қабылдайтынбыз. Бірақ есейіп, ержетіп, Алматыға келіп, оң-солды тани бастағаннан соң түсіне бастағандаймыз. Балкім, сырттағы тіршілік соған үйретті ме екен, кім білсін?!

Тағдырдың өз есебі бар

Ақын Шәкәрім Құдайберді «Көңілі жұмсақ адамның күрмеуін тағдыр шешеді» депті. Ғұламаның ойында талай сырдың астары мүлгіп жатыр. Осы ой көпке түрткі салары анық.

Қала адамына қарағанда, дала адамының тағдыры басқаша сияқты. Оның жауабын ауылда өскеннен соң білетіндейміз. Ауылдық елдімекенде ғұмыр сүру өзінше бейнет. Отын жару, мал жайғау, көктемде егін салу, жазда бақшаға қарау, күзде егін-тегінді жинау – бәрі-бәрі тұнып тұрған еңбек. Қыс түспей, азық-түлік қорын молайту жағы тағы бар. Осының бәріне ауыл адамдары жүгіреді. Өзінен артылса, сатып табыс табуға тырысады. Бір нәрсеге қайран қаламын, осыншама күйбен тірліктің бір жағында әкемізге демеу болып шешей жүреді. Баланың да, ененің де көңілін тауып, ағайын-туыс келсе оларды қонақ етіп күтіп зыр жүгіріп жүреді. Не дегенмен, қазақ әйелінің жаны алтын ғой. Бір

қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербейді. Сонымен қоса, көп балалы болуға тырысады. Денсаулығының сыр бергеніне қарамай, ұлды болуға талпынады. Қазақ атам «әйел қырық жанды немесе қырық шырақты» деп текке айтпаса керек-ті.

Біздіңше тағдырға дес бермеуге тырысатын бір адам болса ол – шеше. Тірліктің тауқыметін көрсе де, қайын-жұрты жайсыз болса да, тас түсіп, жай құлап жатса да, мұқалмайды. Қиыншылықты сездірмейді. Бала-шағасына барын тосады. Қолындағы соңғы нанын береді. Әйтеуір перзентінің өсіп-жетілуі үшін барын салады.

Біздің шешей мектепті жақсы оқып, оқу озағы болыпты. Бірақ олардың жастық шағы егемендікті енді алған шақтарға тура келіпті. Айлық-жалақылар берілмей, ел-жұрттың күн көрісі төмендепті. Қызылордадағы жоғары оқу орындарының біріне іліну қиынның-қиыны екен. Оның үстіне таныс-тамырдың дәурені қызып тұрған кез болыпты. Сөйтіп, бірер жыл Шиелідегі тігін шеберханасында істепті. Сол кезде әскерден жаңа ғана келген әкей екеуі танысып араласып жүріпті. Соңында 17 жастан енді асқан қызды алып қашады. Оқу жайына қалады. Ол уақта «кеткен қыз, қайта келмейді» деген ұғымнан ешкім аттамайтын көрінеді. Қазір мұның жөні бөлек. Қадірі де қалмағандай. Екеуі қол ұстасып, Сырдария өзенінің жағасындағы малшы ауылға аттаныпты. Әрине, ата-енесінің пәрменімен солай істеген. «Мешеуіл» дейтін малшы ауылға аттанбастан бірер жыл бұрын ауылдық мектепте лаборант ретінде қызмет істепті. Мектеп директорына жасаған іс-әрекеті, қызметі ұнаған сыңайлы. Директор «сырттай оқи бер, алдағы уақыттары мұғалімдікке ауыстырамын» депті. Дегенмен, тағдыр айдап, малшы ауылдан бірақ шығыпты.

Қайсар жан

Кей кейде тағдырдың өз дегенін жасайды деп ойлаймыз. Бірақ өз жолыңды өзің қалыптастыратын сияқтысың. Бұл үшін адамға қайсарлық қажет.

Шешей малшы ауылда тұрғанымен ел-жұрттың ортасында болуды көздеді. Аудан орталығы Шиеліде үй-жайлы болуды ойлады. Онысын көпшілікке айтпағанмен, біздер бала болсақ та сезетінбіз. Дегенмен, дегеніне жете алмады. Баспана алуға қаржы жетпеді.



Тілек жерде қалмайды

Ауылда үлкендер «жастың тілеуін береді» дейтін. Осы сөзге сене бастадық. Бірақ күр сеніп қана қоймай әрекет жасаған абзал.

Ата-анамыздың жалындаған жастық шағы тоғайда өтті. Қазір елуді еңсерді. Бел ортада тұр. Өмір бойы өз әке-шешелерінің алдын кеспеді. Айтқанынан шықпады. Кейде ойлаймын, ештеңеге қарамай үлкен қалаға жол тарту керек пе еді? Сонда ойлаған армандарына жететін болар. Бірақ тағдырдың өз жолы бар екен. Есесіне, үш баласы да оқуға түсті. Тәуір қызметке орналасты. Ел-жұрттың ішінде жүр. Әрқайсысы өз арбаларын сүйреп келеді. Осының бәрі ата-ананың несібесі деп білеміз. Ендігі жерде бұл ғұмырды жақсы сүріп, той-жиындарға қатынасып, шаттықта ғұмыр сүргізу балаларына парыз, міндет деп санаймыз.

P.S. Ата-ана мәңгі жасамайды. Бұл ащы болса да шындық. Десе де, оларға жақсылық жасау, перзенттік борышты орындау – қастерлі іс деп білеміз.

КЕРЕК КЕҢЕС

СҮМБЫЛ ШАШ СӘНГЕ АЙНАЛА МА?

Биылғы жазда түрлі-түсті шаш үлгісі сәнде екен. Шашты ашық күлгін, қою көк, сап-сары, тіпті басқа да түрлі түске бояу үшін ең алдымен оның тәсілін білген дұрыс. Жалпы, осы бояулар туралы да түрлі пікірлер айтылып жатады. Біреулер «шашты бояу адам ағзасына зиянды десе, енді біреулер шашты ағартып жібереді» дейді. Денсаулыққа зиян болмас үшін қалай бояу керек? Шаштың табиғи түрін сақтап қалуға бола ма?



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Мамандардың айтуынша, шашты ерте бастан күтіп үйренген дұрыс. Шаштың сиреп, түсіп қалуы көп жағдайда күтімнің жоғына байланысты екен. Бас терісінде жара немесе басқа да зақым болса, шашты бояуға болмайды. Басында қалы бар адамдардың да бояуға ұқыпты болғаны жөн дейді.

Биылғы жылы түрлі-түсті шаш трендте көрінеді. Қазір қала көшелерінен шашы әртүрлі түске боялған жастарды жиі ұшыратуға болады. Алайда, кәсіби шаш бояушылар арзан бояулар мен шашқа бояуды дұрыс жақпау адамның бас терісіне зиян келтіруі мүмкін екенін жиі айтады. Соған қарамастан, шашын бояп, өңін өзгерткісі келетіндер саны көбейіп келеді.

Егер сіз шашыңызды бояғыңыз келсе, алдымен бояудың түрін, содан кейін түсін таңдап алыңыз. Келбетіңізді өзгерткіңіз келсе, бояу реңкі қазіргі шашыңыздың түсінен міндетті түрде бір-екі реңкке ашық болуы керек.

Шаш бояйтын бояулар табиғи, физикалық және химиялық деп бөлінеді. Біз білетін табиғи бояулар – қына мен басма. Бояудың бұл түрлерінен шашқа ешқандай зиян жоқ, керісінше, нәр мен қуат береді. Шаштың түбін қатайтып, сиреп кетуден сақтайды. Физикалық бояу – бұл



химиялық пигменттер қосылған, бірақ құрамында аммиак пен сутек тотығы жоқ бояулар. Бояғыш пигмент шаштың сыртын, реңін өзгертеді.

Сондықтан шашта көп тұрмайды. Көп жағдайда салонға бармай-ақ үйде бояу үшін химиялық бояулар қолданылады. Химиялық бояулардың құрамында шаш күтіміне арналған майлар мен басқа да қорек заттар бар. Құрамында химия көп болғандықтан, шаштың түсі ұзақ уақыт сақталады. Сол үшін химиялық бояуды айына бір реттен артық қолданбаған жөн. Ал шаштың ұшын әр екі апта сайын бояп тұруға болады. Егер сіз үй жағдайында шашыңызды бірінші рет бояғалы тұрсаңыз, аллергияңыз бар ма, жоқ па – тексеріп алғаныңыз жөн. Бояу мен тотық-

тырғыштың кішкене бөлігін араластырып, білегіңізге жағып көріңіз. Егер 10–15 минут ішінде теріңіз қызарып, қышығаса әрі ысымаса, онда шашыңызды бояуға болады. Бояудың сыртындағы қаптамадағы нұсқаулықты мұқият оқып шықсаңыз, шашыңызды сулап алу керек екені жазылуы мүмкін. Нәтиже шашыңызда қанша уақыт ұстау керек дегенге де байланысты. Алдымен шашыңызды бірнеше бөлікке бөліп, түбін бояп шығыңыз. Одан кейін желке тұсыңыздағы шашыңызды бояңыз. Сосын жоғарғы жағынан бастап ұшына дейін бояңыз. Төбедегі және желкедегі шаштарды бояуға біршама уақыт кетеді, сол себепті стилистер екеуінен бастауға кеңес береді.

Сонымен қатар, мамандар шаштың түсі қанық шығу үшін жылы ұстау керек деген қате түсінік екенін айтады. Дегенмен,

бояу қына не басма болса, басыңызды жылы орау керек. Химиялық бояуларға оттегі қажет болғандықтан орамал жабудың қажеті шамалы. Бояудан кейін шаштың құрғап кетуі де мүмкін. Шаш бояғыңыз келсе, бояуды нұсқаулықта көрсетілген уақытта ғана ұстаңыз. Көрсетілген уақыт біткен соң ғана бояуды жылы сумен жуыңыз. Одан кейін міндетті түрде боялған шашқа арналған балзам жағыңыз. Боялған шашыңызды феномен емес, табиғи жолмен кептіріңіз. Бояу қандай болса да, боялған шашқа ерекше күтім қажет. Боялған шашқа арналған сусабін мен кондиционерді пайдаланыңыз. Әр 10–14 күн сайын витаминді маскалар жасап отыру керек. Сұйытылған бояуды бірнеше рет қолдануға болмайды.



МӘСЕЛЕ

СУСЫНДА ДА СИҚЫР БАР

Бүгінде «өмір сүру тым қиындап кетті, айналада стресс көп, шаршап кеттім, күш жинап алуым керек» деген желеумен энергетикалық сусындарды ішетіндер көбейген. Үлкенді қойып, жас балалар да жылтыраған сыртқы қаңылтырына қызыға ма, қайдам, дәмін алып, түрлі шырынның орнына тұтынып жүр. Шын мәнінде, бұл сусындар қуатымызды арттырып, күш бере ме? Осы жөнінде аз-кем тарқатып көрейік.



Осындай сергіткіш сусындарды бүгінде әлемнің 170-тен астам елінде тұтынады екен. Ал мүлдем сатуға да, ішуге де қатаң тыйым салғандар қатарында Австралия, Жаңа Зеландия, Сауд Арабиясы тұр. Франция, Дания және Норвегия болса тек дәрі ретінде дәріханаларында сатады.

Энергетикалық сусындарды жиі пайдаланатындардың айтуынша, оның 1 құтысын ішкеннен-ақ шаршап тұрғаныңыз басылғандай, қос жанарыңыз шырақтай жана кеткендей көрінгенмен, екі көзіңізге ұйқы тығылып мау-жырай бастайсыз. Мұндай сусындардың құрамындағы кофеин жүйке жүйесін әлсірететін көрінеді.

Кофеин – түссіз және ақ түсті келетін ащы кристалдар. Оның мөлшері неғұрлым көп болған сайын, соғұрлым жүйке белсенді жұмыс істей бастайтын көрінеді. Психикаға қатты әсер етіп, өзіне деген тәуелділікті арттыра түсетін де «сикыры» бар.

Зерттеушілердің айтуынша, сол

сусындар «сыйлайтын» қуат әлгі кофеиннің күдіреті емес, ол өзіңіздің бойыңыздағы энергия. Кофеин тек сіздің ағзаңызда бар құрамның әсерін үстемелей, күшейте түседі. Ал сусынның әсері бойыңыздан кете бастаған соң, тез шаршай бастайсыз.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы энергетикалық сусынның құрамындағы кофеиннің адам денсаулығына айтарлықтай зияны жоқтығын алға тартады. Бірақ сусын құрамындағы канттың шамадан тыс екенін де жоққа шығармайды.

Алкогольмен бірге энергетикалық сусынды ішпеген дұрыс дейді мамандар. Кофеин қан қысымын көтереді, ал ішімдік оның әсерін одан сайын арттырады. Нәтижесінде бауыр мен ұйқы безіне зақым келуі мүмкін. Кофеин қаннан 3–5 сағаттан соң шығады, сондықтан сусынның әсері тарқаған соң ағзаға күш жинау үшін біраз демалыс қажет екен.

Энергетикалық сусындарды тұты-

нудың максималды мөлшері – күніне 2 құты. Ал мөлшерден асыру – қан қысымының немесе қан құрамындағы кант деңгейінің көтерілуіне әкеп соғуы мүмкін.

Энергетикалық сусындарды балаларға мүлдем ішуге болмайды. Себебі, олар онсыз да белсенді, жыбырлақ, үнемі қимыл-қозғалыста болады. Сондай-ақ, жүкті әйелдерге, жасөспірімдерге, егде адамдарға, гипертониядан зардап шегетін, жүрек-қан тамырлары кеселдерімен ауыратын, глаукома, ұйқысы бұзылған, тез қозғыш және кофеинге сезімтал адамдарға тұтынуға тыйым салынады. Көптеген энергетикалық сусындардың құрамында көп мөлшерде В дәрумені болады. Бұл жүрек соғысын жиілетіп, аяқ-қолдың дірілдеуіне себеп болуы да мүмкін.

Бірақ елімізде азық-түлік дүкендерінде энергетикалық сусындардың саудасы қызып тұр. Тіпті, телеарналардағы жарнамасы да жер жарады.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

СӨКЕН, жас маман:

– Мұндай сусындар негізі түнде жұмыс істейтіндерге арналған деп естігенім бар-ды. Мүмкін. Мен былтыр емтиханға дайындалып жүрген кезімде өте көп іштім. Кейде таңға дейін отырасың, сондайда көп көмегі тиді. Әлде, миымды солай дайындап қойдым ба, әйтеуір сергек сезінетінмін өзімді. Қазір айнымас серігіме айналған десем де болады. Ешқандай зиян көріп жатқаным жоқ. Тек мөлшерден тым артық ішпеген дұрыс. Анам ылғи ескертеді, «осы сусынды зиян дейді ғой, балам, ішпей-ақ қойсаң қайтеді» деп алаңдайды. «Бастысы, арақ не сыра ішіп, бір жерде құлап жатқан көпшіні ғой, мама» деймін ондайда. Білмеймін, әйтеуір өзіме сергектік береді, шаршағаныңды басады.

АЙСАРА, қала тұрғыны:

– Шынымды айтсам, бірде достар жиналып, жеңіл көлікпен алыс сапарға шығып, жастықтың желігімен дәмін татып көргенім бар. Түк ұнамады, иісі де жағымсыз екен. Тым тәтті секілді көрінді. Содан аузыма алмадым. Сергіткіш сусынның орнына өзіміздің бие сүтін ішуге кеңес беріп жүр ғой қазір мамандар. Соған келісемін. Әрине, бие сүтіне бәрінің бірдей қолы жете бермесі анық. Дегенмен, табиғи өнімге не жетсін! Иен далада күн ұзақ мал соңында шаршамай-шалдықпай жүрген атам қазақ біліп ішкен болар кезінде!

Әсия АЛДАБЕРГЕН, ресепшин:

– Бұл сусындарды о баста XX ғасырдың 60-жылдары Вьетнамда соғысқан америкалық жауынгерлерді моральдық жағынан көтермелеу үшін АҚШ әзірлеген деп оқығаным бар. Сосын оған тәуелділігі артқан жауынгерлердің арасында ми ісігі, бауыр ауруы сынды кеселге шалдыққандар көбейіп кеткен деседі. Сондықтан ондай сусындарды әскерлерге беруге тыйым салуға мәжбүр болған екен. Ал қазір бүкіл әлем ішіп кеттік. Енді қазір уақыт басқа, ол сусындарды жасау тәсілдері де өзгерген, жетілдірілген болар бәлкім, кім білсін. Дегенмен, анадай ұзақ сақталатын темір қалбырдың ішіне құйылатын сусынды қалай табиғи өнім деп айтарсыз. Сондықтан өткеннен сабақ алған дұрыс деп ойлаймын.

ІНДЕТПЕН КҮРЕС

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі таратқан ақпаратқа сүйенсек, 2022 жылдың 21 шілдесіндегі жағдай бойынша коронавирус инфекциясының 722 жаңа жағдайы тіркелді (жергілікті). Оның 681-інде симптомдық белгілері бар, ал 41-і – симптомсыз.

85 ЕКПЕ ПУНКТИ ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰР

Инфекциялық стационарларда (жүктемесі 500 төсек-орын) жалпы саны 219 пациент ем алып жатыр. Жалпы реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде 2 науқас бар.

Бүгінгі таңда МСАК пен Телемедицина орталығы дәрігерлерінің бақылауында 3435 науқас тұр. Олардың ішінде жеңіл және орташа ауырлық дәрежесінде – 3225, симптомсыз 210 науқас бар.

Тақырыпқа орай ковидке қарсы вакцина туралы да айта кетер болсақ, Алматы қаласы бойынша кейінгі бір тәулік ішінде екпенің I компонентін 476 адам,

II компонентті 688 адам алған. Ал ревакциналаудан 1723 адам өткен.

Жалпы, былтырғы 1 сәуір мен биылғы 21 шілде аралығында қала бойынша вакцинаның I компонентін 1 233 877 адам, II компонентті 1 201 046 адам салдырған. Ал 2021 жылдың 22 қарашасынан бері бүгінгі күнге дейін 518 734 алматылық ревакциналаудан өтті.

Бүгінгі таңда Pfizer (Comirnaty) вакцинасын 118 108 адам салдырған.

Қазір қала бойынша медициналық ұйымдарда 85 вакциналау пункті жұмыс істейді. 99 вакциналау бригадасына 313 медицина қызметкері жұмылдырылған.

ӘЛЕМ ДИДАРЫ

АУРУДЫҢ ЖАҚСЫСЫ ЖОҚ



ШІЛДЕНІҢ ЫСТЫҒЫ. Португалияда кейінгі күндері 1000-нан астам адам аптап ыстықтан көз жұмған. Олардың басым көпшілігі қарттар көрінеді. Бұл елде өткен аптада сынап бағанасы 40 градустан асып жығылған екен.

Ал кейінгі аптада Испанияда 360 адам шілінгір шілденің ыстығын көтере алмай көз жұмған. Өзбекстанда да жағдай мәз емес. Кейінгі тәуліктерде аптап ыстықтан 4 мыңнан аса адам ауруханаға жеткізілген.

Біздің елді де аптап ыстық алқымынан алып тұр. Әлеуметтік желіден 18 шілдеде Маңғыстау облысының аумағында сынап бағанасы 50,2 градусқа дейін көтерілгенін естігенбіз. Сақтанып жүрейік. Әсіресе, созылмалы аурулары бар жандар, қарттар және ойынға тоймайтын балалар шыжып тұрған күндері далаға шықпағаны абзал.


КОВИДТІҢ ӘЛЕГІ. Түркияда корона-вирусқа шалдыққандар саны 40 есе артқан. Дегенмен, ауруханаға түскендер саны әлдеқайда төмен. Соған қарағанда, ковид жеңіл өтіп жатқан секілді. Бірақ жергілікті мамандар бетперде тағу режимін қайта енгізіп, балаларға ковидке қарсы жаппай екпе салу-

ды бастау керек деп есептейді. Иә, сақтанғанды сақтайды.

АҚШ-та кейінгі төрт аптада алты миллионнан аса бала вирус жұқтырған. Бұған дейін елде жасы 5-тен асқан бүлдіршіндерге екпе салуға рұқсат етілген. Енді құзырлы органдар ковидке қарсы екпе салдыруға болатын топқа 6 айдан асқан сәбилерді де қосып отыр. Ал Қытайда бір шілде айының өзінде «омикрон» штамының 10 түрі анықталған.

МАЙМЫЛ ШЕШЕГІ. Әлемде маймыл шешегі өршіп тұр. Дәлірек айтсақ, бұл вирус 60-тан астам елде тіркелген. Дегенмен, ол пандемия деп танылмаған. Вашингтонда маймыл шешегіне шалдыққандардың 96%-ы ерлер және 30 жастан асқандар. Ал Пәкістанның екі провинциясында тырысқақ ауруы өршіп кеткен. Жергілікті биліктің хабарлауынша, бұл кеселдің шығуына су тасқыны себеп болған көрінеді. Су ластанып, үй-жайлар қирап, жаппай мал қырылған.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.





● ФУТБОЛ

Қарымта ойынды күтеміз



Қазақстанның төрт бірдей командасы Конференциялар Лигасы аясындағы ойындарын өткізді. Осы ойындардың қысқаша шолуын назарларыңызға ұсынамыз.

Алматылық «Қайрат» еурокубок-тар аясындағы алғашқы матчын «Орталық» алаңда венгриялық «Кишвард» командасына қарсы өткізді.

Екі команда да алғашқы минуттардан бастап ашық ойын көрсетті. «Орталық» алаңды толтырған қазақстандық жанкүйерлер өз командасын шабуылдауға шақырса, қонақ команда да саспай, өз мүмкіндіктерін пайдалануға тырысты. Дегенмен, бірінші қауіпті сәт «Қайрат» қақпасында туындады. Бұрыштама добынан кейін 24 нөмерлі венгриялық қорғаушы Ковачич баспен соққы жасап, допты қақпаның дәл бұрышына бағыттай білген. Алайда, дер кезінде соққыны қайтара білген Данил Устименко есеп ашылуына жол бермеді. Бірер минуттан кейін ендігі қауіп «Кишвард» қақпасына төнді. Алдымен бұрыштама добынан кейінгі тартыс кезінде доп Жоао Паулоға жетіп, ол алыстан соққы жасаған. Дегенмен, бұл жолы доп қақпаны сырт жағынан жанап өтті. Келесі сәтте жылдам комбинация жасаған алматылық ойыншылар допты қақпа

алдында Андрей Ульшинге жеткізеді. «Қайрат» жартылай қорғаушысы ыңғайлы сәтте соққы жасаудың орнына, қарсыластарын алдап өтуге тырысып, допты «Кишвард» қақпашысы Одинцовтың қолына жәй сырғанатып жіберді. Бірінші таймның ортасына қарай екі команда да кезектесе айып добын орындады. Алайда, қақпадан биік кеткен бұл соққылар ешқандай нәтиже бермеді. Алаң иелерінің бірнеше өткір шабуылына төтеп берген венгриялық команда да шабуылдауды ұмытқан жоқ. Әсіресе, оң қапталдан бірнеше мәрте еркін соққы жасап Устименконың қақпасына қауіп төндірді. «Қайрат» ойыншылары ішінде 7 нөмерлі Гүлжігіт Әліқұловтың белсенді болғанын айта кеткен жөн. 21 жастағы шабуылдаушы екі қапталда да белсенді болып, өз командасына барынша көмектесуге тырысты. Дегенмен, кездесудің бірінші жартысы 0:0 есебімен аяқталды.

Екінші таймда «Кишвард» ойыншылары алаң иелерінің ойын үлгісіне бейімделіп қалғаны байқалды. Қонақ команда матчтың екінші

бөлігінде допка көбірек иелік етіп, батылырақ шабуылдауға тырысты. Венгриялықтардың әсіресе, алыстан жасаған соққылары шынайы қауіп болды. 54 минутта Янис Карабелевтің соққысын алматылық қақпашы қайтарса, 58 минутта айып добын орындаған Бенсе Отвостын тағы бір добы қақпадан сәл қисық кетті. 74 минутта Жоао Пауло өзін айнала тепкен әсерлі соққыны айтпағанда, «Қайрат» тарапынан үлкен қауіп болған жоқ. Қазақстандық ойыншылардың ойын аяғына қарай шаршай бастағаны көрінді. Ал бірнеше рет футболшы ауыстырған «Кишвард» бұл тұста әлі де сергек болды.

Кездесудің 82 минутында сол қапталдан пас алмасқан алаң қонақтары айып алаңына тамаша пас өткізіп, Ясир Асанидің соққысымен есеп ашты. Айта кеткен жөн, 71 минутта ойынға қосылған Асани небәрі 10 минуттан соң көзге түсті. «Қайрат» соңғы минуттарда есепті теңестіруге барынша қайрат көрсетті. Ойын барысында да, стандарттарды орындау кезінде де соққы жасаумен болды. Оның ішінде 91 минутта жасалған Хосе Контенің жойқын соққысын атап өтейік. Алайда, осы кеште «Кишвард» қақпашысы Одинцов өте шебер ойнап, өз қақпасына доп өткізген жоқ. Ойын 0:1 есебімен венгриялық команданың пайдасына шешілді. «Қайрат» Конференциялар Лигасы аясындағы қарымта ойынды 28 шілде күні сыртқы алаңда өткізеді.

Қазақстандық командалардың еурокубоктардағы өзге ойындарына назар аударайық. «Тобыл» өз алаңында габралтарлық «Линкольн ред Импс» командасын 2:0 есебімен жеңді. 65 минутта Айбар Жақсылықов, 90 минутта Жарко Томашевич көзге түсті. Бұл ойын отандық командалардың Конференциялар Лигасы аясындағы әзірге жалғыз жеңісі болып тұр. Хорватиядан келген «Осиек» командасы сыртқы алаңда «Қызыл-Жардан» 1:2 есебімен басым түсті. Ал Польшаға қонақ болып барған «Астана» «Ракувадан» 5:0 есебімен ойсырай жеңілді.

● МАУНТИНБАЙК

Таумен таласқандар жарысы

Текеліде маунтинбайктен Қазақстан чемпионаты өтіп жатыр. Ерлер арасында Егор Карасев маунтинбайктен Қазақстан чемпионы атанды.



Екінші орынды Денис Сергиенко иеленді. Үздік үштікті Андрей Нитяжук түйіндеді. Татьяна Генелева әйелдер арасында алтын алды. Алина Меркулова күміс жүлдегер атанса, Екатерина Степанова қола жүлдені мойнына асты.

Жасөспірімдер арасында Константин Казаков ең мықты болды. Екінші орынды Константин Шинкарук, үшінші орынды Алексей Фелелов иеленді.

Виолетта Казакова жасөспірімдер арасында осы жарыс бойынша ұлттық чемпион атанды. Күміс медаль Алена Спиринаға бұйырды. Милан Котельникова үздік үштікті толықтырды.

● ДЗЮДО



Алтын, күміс, қола да бар

Қазақстандық дзюдошылар жастар арасындағы Азия чемпионатында төрт медаль жеңіп алды.

Тайланд бұл күндері дзюдодан жастар арасындағы Азия чемпионатын қабылдауда. Бірінші күні қазақстандық команда төрт бірдей медальмен марапатталды.

60 келіге дейінгі салмақта Нұрқанат Серікбаев алтын иеленді. Мерей Махамбетов жарысты екінші орында аяқтады.

66 келіге дейінгі салмақта Нұрсұлтан Зайзағалиев тұғырдың екінші сатысына көтерілді. Жаңарыс Рахметқали қола медаль иегері атанды.

● ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА



Желаяқ қызға жетер жоқ

Қазақстан жеңіл атлетикадан Әлем чемпионаты тарихындағы алғашқы алтынын жеңіп алды.

АҚШ-тың Орегон штатында жеңіл атлетикадан Әлем біріншілігі өтіп жатыр. Бұған дейінгі қазақстандық спортшылардың нәтижелерін газетімізде хабарлап отырғанбыз.

Қазақстанға әлемдік жарыстағы алғашқы әрі ең жоғарғы жүлдені Нора Джеруто әкелді. Тарихи жетістіктің авторы кедергілері бар 3000 метр қашықтыққа жүгіруде бірінші болып келді. Ол қашықтықты 8:53,02 уақытта бағындырды.

Бұл алтын медаль Қазақстан жеңіл атлетикасы үшін Әлем чемпионатындағы алғашқы тарихи жетістік болды. Екінші және үшінші орындарды Эфиопия өкілдері Веркуха Гетачью (8:54,61) және Мекидес Абебе (8:56,08) иеленді.

Айта кеткен жөн, Джеруто – Кенияның тумасы, 2017 жылы Қазақстанға көшіп келген. 2022 жылы ол әлем чемпионаттарында Қазақстанның атынан шығуға ресми рұқсат алды.

● АУЫР АТЛЕТИКА



Тағы да үздікпіз!

Қазақстандық зілтеміршілер Ташкентте өтіп жатқан жастар мен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатын жүлделі аяқтады.

Әлішер Байбұров 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында Азия чемпионы және 20 жасқа дейінгі жастар арасында Азия біріншілігінің күміс жүлдегері атанды. «Серпіліс» сайысында спортшы үш мүмкіндігінің екі әрекетін жүзеге асырып, 134 келі белгісіне тоқтады. Ал «итеру» сайысында жалғыз бір ғана әрекеті сәтті шықты, ол 155 келіні бастан асырды. Бұл нәтижелер отандасымыздың 67 келіге дейінгі санатта екі рет жеңіс тұғырына көтерілу үшін жеткілікті болды.

73 келіге дейінгі салмақта Емберді Едіге 309 (136+173) келі нәтижесімен көш бастады. Сондай-ақ, спортшымыз «итеру» жаттығуы мен қоссайыс нәтижесіндегі Азияның жасөспірімдер арасындағы жаңа рекордын орнатты.

81 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Денис Полубояринов жасөспірімдер арасында Азия чемпионы атанды. Қоссайыс есебінде ол 313 (140+173) килограмм көтере алды.

55 келіге дейінгі салмақта жасөспірімдер арасында бірден екі қазақстандық спортшы — Екатерина Алякина мен Шынар Жапар өнер көрсетті. Жалпы есепте Екатерина 178 (79+99) килограмм көтеріп, турнирлік кестенің бесінші орнына жайғасты. 155 (70+85) килограмм нәтиже көрсеткен Шынар он бірінші болды.

Бетгі әзірлеген Досбол АТАЖАН.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51;
8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АВТОБУС БАҒЫТТАРЫ ӨЗГЕРДІ



Алматыдағы кейбір автобус маршруттарының сызбасына өзгерістер енгізіледі.

Қажымұқан көшесіндегі тұрғын үй кешенін жылумен жабдықтаудың сыртқы желілері жүргізіліп жатқандықтан, Назарбаев даңғылынан Ескендір көшесіне дейін жолдың жүру бөлігінің толық жабылуына байланысты 2022 жылғы

25 шілдеден бастап мынадай автобус маршруттарының қозғалыс сызбалары уақытша өзгереді:

№2 – оңтүстік бағытта – Назарбаев даңғылы – Сәтбаев көшесі – Сейфуллин даңғылы – Алдар көсе көшесі – Жамақаев көшесі – соңғы пункт «Таулы қырат» шағынауданы. Солтүстік бағытта – соңғы шағынаудан «Таулы қырат» – Жамақаев к-сі – әл-Фараби д-лы – Назарбаев д-лы – әрі қарай сызба бойынша.

№48 – оңтүстік бағытта – Достық д-лы – Сәтбаев к-сі – Сейфуллин д-лы – Алдар көсе к-сі – Жамақаев к-сі – соңғы пункт «Таулы қырат» шағынауданы. Солтүстік бағытта – соңғы пункт «Таулы қырат» шағынауданы – Жамақаев көшесі – әл-Фараби даңғылы – Назарбаев даңғылы – Жолдасбеков көшесі – Достық даңғылы – әрі қарай сызба бойынша.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ «КӨЛІК ХОЛДИНГІ» ЖШС.

ЖАҚЫҢЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

2022 ЖЫЛҒЫ 22 ШІЛДЕДЕГІ
МӘЛІМЕТ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА PFIZER
ВАКЦИНАСЫН АЛҒАН АДАМДАР САНЫ

Барлығы:

I компонент: 1 230 785

II компонент: 1 175 838

Жасөспірімдер

I компонент: 869 196

II компонент: 849 116

Жүкті әйелдер

I компонент: 41 278

II компонент: 38 931

Бала емізетін аналар

I компонент: 145 087

II компонент: 140 153



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 5 айға – 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бес айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЛІМ

Құжат қабылдаудың мерзімі ұзарды



Рая
ЕСКЕНДІР

Елімізде биылғы білім грантының конкурсына өтініштерді қабылдау мерзімі ұзартылды. Министрлік өтініш қабылдау мерзімінің 22 шілдеге дейін созылғанын хабарлады. Жалпы, бұл шешім талапкерлердің өтініші негізінде қабылданып отыр.

Қазірдің өзінде шекті межеден өткен 103 мың талапкердің 80 мыңнан астамы жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиясына құжат тапсырып үлгерген. Министрліктің мәліметінше, биыл өткен жылмен салыстырғанда 88 мың үміткер шекті деңгейден асып, гранттық байқауға 77 мың адам қатысқалы отыр. Осы көрсеткішті ескерген мамандар биыл 92 мың өтініш қабылдануы мүмкін екенін айтады. Мемлекеттік білім грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін талапкерлер жеке куәлік, ҰБТ сертификаты, орта білімі туралы аттестат (ТЖКБ ұйымдарының түлектері үшін диплом), жеңілдетілген санат бойынша конкурсқа қатысу үшін растайтын құжаттарын өткізуі керек. Сонымен қатар, медициналық анықтаманы тамыз айында жоғары оқу орнына қабылдау кезінде тапсыруға болады.

ТЕСТ

ҰБТ өтті, нәтижесі қандай?

Ғылым және жоғары білім министрлігі жариялаған Ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысы бойынша биыл 154 мың талапкер екі мүмкіндікті де есептегенде 276 мың рет тест тапсырған.



Тестілеу қорытындысы бойынша 103 мыңнан астам талапкер шекті балл жинады. Бұл қатысушылардың жалпы санының 67 пайызын құрады деген сөз. Сонымен қатар, 51 мыңға жуық мектеп түлегі (33 пайыз) шекті баллды жинай алмады. Биылғы ҰБТ-дағы орташа балл 66 балл. Ең жоғары балл – 139. Сынақ тапсырғандардың 3179-і 120-дан жоғары балл жинады. Сонымен қатар, тестілеу кезінде ережелерді бұзғаны үшін 322 талапкер аудиториядан шығарылып, олардың нәтижесі жарамсыз деп жарияланды. Биылғы тестілеу кезіндегі бейнежазбаларды қарағаннан кейін тағы да 15 адамның нәтижесі жойылды.

Алматы қаласының МАЭС 2022 жылғы 20 шілдедегі шешімімен «Хан Тенгри Service» ЖШС ұйымын ақтау бойынша іс қозғалды, БСН 140540022531 мекенжайы: Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Қожабеков көшесі, 23-үй, оф. №1, пошта индексі 050000.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСҚАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейтқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы поштамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ ӘНДЕРІ

Алматыда «Бақыт деген – сенің бала күндерің» атты балалар арасындағы вокалдық фестиваль-байқауының жеңімпаздары анықталды.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Фестиваль биыл қатарынан алтыншы рет өткізіліп отыр. Осы жылы байқауға Қазақстанның әр өңірінен 6 мен 16 жас аралығындағы 11 бала қатысты.

«Өнер жолында жүргеніме біраз жылдар болыпты. Қаниша республикалық деңгейдегі байқауларға әділқазы болдым. Біраз бассыздықтардың куәгері атандым. Талантты жандар тысқары қалатын. Конкурстардың әділетті өткенін қалайтынмын. Осылайша 2017 жылы жас жгіттер ұсыныс білдірді. Еліміз бойынша балаларға арналған конкурс-фестиваль ұйымдастырғанын, үлкендердің ішінен қолдау білдіретін адамның керектігін айтты. Атауын менің орындауымдағы «Бақыт деген» әнімен сәйкестендірген де екен. Сонымен не керек, бүгінде бұл фестивальді ұйымдастырып келе жатқанымызға 6 жылдың жүзі болыпты. Алғашқы жылдары Алматы қаласының әкімдігі қолдау білдірген. Кейіннен өз қаражатымызбен жалғастырдық. Биыл қаламыздың әкімдігіне үлкен алғысымызды білдіреміз, өтетін орнымызды ыңғайластырды. Қолдау білдіргендері үшін алғысымызды білдіреміз», – дейді жобаның бас продюсері Айжан Нұрмағамбетова.

Байқау 3 кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде қатысушылар қазақстандық үздік әндерді орындады, екінші кезеңде шетелдің үздік хиттерін ұсынды. Ал үшінші кезең «Жұлдызды дуэт» деген атаумен гала-концерт форматында өткізілді.

«Жыл сайын бізге онлайн кастинг арқылы 300–500-ге дейін балалардан өтініштер түседі. Алайда, солардың ішінен 20–30-дай ғана баланы іріктеп аламыз. Биыл әуе билеттеріне байланысты 11 бала ғана қатысып отыр. Бізде әр қатысушымен дайындық жүргізіледі. Сол себептен, мұндай конкурс еш жерде жоқ. Неге десеңіз, 20 күндей балалар вокалмен, хореографтармен, стилистермен жұмыс жасайды. Себебі, әр орындауға шақтан-дырып киім киюді үйрену қажет болады. Музыкалық продюсер, композитор Бек Оралбекпен репертуар таңдайды. Әрмен қарай баланың көңілін көтеру мақсатында циркке, Көктөбеге, табиғат аясында серуендеуге шығамыз», – дейді жобаның ұйымдастырушы директоры Бірлік Аман.

Сондай-ақ, ұйымдастырушылар бала-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

лардың үлкен сахнада бойларын сергіту мақсатында 3 бірдей дайындық концерттерін ұйымдастырған. Балдырғандардың шығармашылық кештері «Көк-Төбе», «MEGA Park» сауда кешенінде, «Ашық аспан астында» өткізілген. Осылайша балалардың сахнада жақсы жүріп тұруларын, камераға караудан жасқанбауды, қобалжымай, сасқалақтамауды үйретуге күш салған. Байқауымызша, қатысушылардың қатарында өнер жолына енді ғана қадам басып келе жатқан таланттылар да баршылық.

«Байқауда «Көктем келді», «Маленькая страна» атты екі өлеңді шырқамақпын. Бойымда кішігірім толқу бар. Жасым небәрі 7-де болса да, осындай шараға қатысып жатқанымға қуанамын. Мен музыкамен айналысқанды жақсы көремін. Оның ішінде «рок» жанры ұнайды. Үшінші кезеңде – «Жұлдызды дуэтте» Әлішер Кәрімовпен бірге ән шырқаймын. Бұл да мен үшін үлкен бір бақыт болды», – деді дайындық барысында Екібастұз қаласынан келген қатысушы Малика Баталова.

Байқауда өнер көрсететін өнерлі балалар отандық эстраданың жарық жұлдыздары Әлішер Кәрімов, Әнел Әренова, Салтанат Құдайберген және басқа да әншілермен бірге дуэт орындайды. Осы ретте бір айта

кетерлігі, байқау басталғалы 6 жыл қатарынан балапандарға қолдау білдіріп, олармен өнер көрсетіп келе жатқан әнші Әлішер Кәрімовтің еңбегі орасан.

Өткен 5 маусымда еліміздің түкпір-түкпірінен байқауға қатысуға 7000-дай өтініш түскен. Осы байқаудың 50-ге тарта қатысушысы елімізде және шетелдерде өткен түрлі фестивальдар мен байқаулардың лауреаты атанған.

«Біздің жобамызға қатысқан біраз қатысушыларымыз бүгінде ЖОО бітіріп, білікті маман болды. Біразы Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының колледжінде студент атанды. Осы ретте біздің балдырғандарымыздың арасында шетелде ұйымдастырылған байқауларда жеңімпаз атанған, финалист болғандары да жетерлік. Мәселен, Дениз Мұстафина есімді қызымыз Израильде өткен байқауда бас жүлдеге ие болды. Шырайлы Шымкент қаласынан келген қатысушымыз Сағым Өмірбайұлы биыл «Ресей даусына» қатысып, финалист атанды. Сондай-ақ, әнші қызымыз Аяла Мұқанова Парижде өткен байқауда жүлделі орынға ие болды. Қазіргі таңда Аяла 1-курс-тың студенті. Қарап отырсаңыздар, біздің байқауға қатысушыларымыз өздерін шетелде танытуда», – дейді жоба-

ның ұйымдастырушы директоры Бірлік Аман.

Айналасы 5 жылдың ішінде ұжым ешкімнен қаржылай көмек алмаған. Алайда, биылғы іс-шараның шығынын толықтай Айнұр Рахимова көтерген. Талантты балалардың талпынысын бір өзі қолдаған.

«Байқау жайында биыл Айжан апайымыздан естідім. Қолдау білдіруге бірден келістім. Осы жылы Балалар үйін толықтай өз қамқорлығыма алуды ойластырып жүргенмін, айналасы 2-3 айдың ішінде осы жобаға қолдау білдіруге ұсыныс түскенде, қуана қабылдадым. Өзім де 2 баланың анасы болғандықтан, балаға қамқорлық, қолдау қажеттігін жақсы түсінемін. Менің ойымша, талантты балаларға, қайырымдылыққа қаржылай қолдау білдіретін қалталы азаматтарымыз жетерлік. Алайда, оларға мәселені дұрыс түсіндірсе болғаны», – дейді бизнес тренер Айнұр Рахимова.

Ұйымдастырушылар халықтың әлеуметтік осал топтарындағы балалар арасында шығармашылықты насихаттауды мақсат етеді. Сол себептен де, олардың ұшып келіп-кету, жатын орны сынды қаражаттарын демеушілер көтерген. Сондай-ақ, билеттерді Балалар үйінің тәрбиеленушілеріне, қала тұрғындарына тегін таратты.

